«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАҢАТАС КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЖАНАТАССКИЙ МНОГООТРАСЛЕВОЙ КОЛЛЕДЖ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2026 жылы 1 наурыз № 40 о/қ

Жаңатас қаласы город Жанатас

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелеріне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару мақсатында айқындалған лауазымдар тізбесі» бекітілсін.

2. Тізбеге енгізілген лауазым иелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Комплаенс-қызметінің офицері:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізсін;
- тәуекелі жоғары лауазымдарға мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін;
- мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша шаралар қабылдасын.

4. Кадр бөлімі - осы бұйрықпен құрылымдық бөлімше басшылары мен тиісті қызметкерлер таныстырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және «Жаңатас көпсалалы колледжі» КМҚК қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері негізінде, анықталған тәуекелдерді басқару және алдын алу мақсатында.

**Колледж директорының м.а.** **К.Ибраймова**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке

000451

Қосымша
«01» маусым 2026 жылғы
**№ 40** бұйрықпен бекітілген

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАР ТІЗБЕСІ

1. Колледж директоры.
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Директордың өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.
5. Бас бухгалтер.
6. Бухгалтер.
7. Кадр бөлімінің меңгерушісі.
8. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер.
9. Заңгер және комплаенс-офицер.
10. Құрылымдық бөлім басшылары.
11. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы.
12. Қабылдау комиссиясының мүшелері.
13. Әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер.
14. Материалдық жауапты тұлғалар.
15. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлер.
16. Өндірістік оқыту және практика ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер.

*Негіздеме:*
*Осы тізбеге енгізілген лауазымдарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының болуы немесе анықталуы көзделмейді. Тізбе лауазымдық өкілеттіктерді талдау нәтижесінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін айқындау мақсатында жасалды.*

https://zhanatas-kk.edu.kz/